

"Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 ақпандағы № 101 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1732 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 наурыздағы № 414 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.03.31 № 414 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 62-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. «Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 ақпандағы № 101 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 18, 217-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасының</i>
	<i>К. Мәсімов</i>	
Қазақстан	Республикасы	
Үкіметінің		
2011 жылғы	30	желтоқсандағы
№ 1732	қаулысына	
қосымша		
Қазақстан	Республикасы	
Үкіметінің		
2011 жылғы	8	ақпандағы
№ 101	қаулысымен	
бекітілген		

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары

1-бөлім. Миссия мен пайымдау

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің (бұдан әрі – министрлік) миссиясы – туризм, дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында тиімді мемлекеттік басқаруды және салааралық, өңіраралық үйлестіруді қамтамасыз ету.

Пайымдау – Қазақстанның халықаралық туристік қоғамдастыққа Орталық Азия өңіріндегі туризмнің көшбасшысы ретінде бірігуі және бәсекеге қабілетті спорттық ұлтты қалыптастыру.

2-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау

1. Қазақстанды Орталық Азия өңірінің туризм орталығына айналдыру

Реттелетін саланың немесе қызмет аясы дамуының негізгі параметрлері

2010 жылы министрліктің қызметі «Қазақстан 2030» Қазақстанның стратегиялық даму жоспарын, Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарын, Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны, Қазақстан Республикасының туристік индустриясының перспективалық бағыттарын дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған салалық бағдарламаны, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің 2010 – 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын орындауға бағытталды.

Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның бірінші жылын іске асырудың қорытындылары бойынша барлық бағыттар бойынша туристік ағымның артқаны байқалып отыр.

2010 жылы қызмет көрсетілген келушілердің саны 16 598,9 мың адамды құрады (2009 жылы – 14 771,9 мың адам).

2010 жылдың қорытындылары бойынша 2009 жылмен салыстырғанда келушілердің саны 12,2%-ға артты. Туристік салада жалпы көрсетілген қызметтер көлемі 11%-ға артты және 73 094,5 млн. теңгені құрады. Осылайша, келу туризмі бойынша келушілердің саны 8,8%-ға артты (2009 жылы – 4 329,3

мың адам, 2010 жылы – 4 712,6), сыртқа шығу туризмінің көлемі 15,6%-ға артты (2009 жылы – 6413,9 мың адам, 2010 жылы – 4 474,0 мың адам), ішкі туризмнің көлемі бойынша келушілердің саны 10,3%-ға артқанын байқалып отыр (2009 жылы – 4 055,7 мың адам, 2010 жылы – 4474,0 мың адам).

Есепті кезеңде 1 252 туристік фирма және туристік қызметпен айналысатын 98 жеке кәсіпкер 486,5 мың келушіге қызмет көрсетті, бұл 2009 жылмен салыстырғанда 31,8 %-ға артық.

Жалпы алғанда 2010 жылы туристік қызметтен түскен жиынтық табыс 110,1 млрд. теңгені құрады, 2009 жылмен салыстырғанда 32,8%-ға (82,9 млрд. теңге) артты және 2008 жылмен салыстырғанда өсу 62,6%-ды (67,7 млрд. теңге) құрады.

Республикада келушілерді орналастырумен айналысатын 1 273 кәсіпорын және жеке кәсіпкер 58 261,9 млн. теңгеге 2 548,9 мың адамға қызмет көрсетті. Есепті кезеңнің қортындылары бойынша орналастыру объектерінде 34 353 нөмір бар, олардың біржолғы сыйымдылығы 76 053 кереует-орынды құрады. Салыстырмалы бағалардағы (мейрамханалардың қызметтерін ескермей) орналастыру объектілері қызметтерінің көлемі есепті кезеңде 2009 жылмен салыстырғанда 11,6 %-ға артты.

Елде қазақстандық және шетелдік азаматтардың әртүрлі туристік қызметтерге деген сұраныстарын қанағаттандыру үшін кең мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін қазіргі заманғы жоғары тиімді және бәсекеге қабілетті туристік кешеннің жұмыс істеуі үшін жағдай жасалып жатыр. Қазақстан Республикасында туризмнің материалдық-техникалық базасын дамытуға инвестицияларды тарту үшін ш а р т т а р а й қ ы н д а л д ы .

Туризм және спорт салалары аясында ерлер мен әйелдердің тең құқығы және тең мүмкіндіктері олардың өзіндік ерекшеліктері ескеріле отырып, табысты іске асып жатқанын атап өту қажет: туризм индустриясында туристік ұйымдардың басшылығында және қызмет көрсету аясында әйелдер көбірек еңбекпен қамтылған (барлық еңбекпен қамтылғандар санының 98 %-ға жуығы). Спортта, әдетте, ерлер көш бастап жүрген спорт түрлерін әйел азаматтар белсенді игеріп ж а т ы р .

Негізгі проблемаларды талдау

Одан басқа, бүгінде оларды шешу белгіленген мақсат – Қазақстанды Орталық Азия өңіріндегі туризм орталығына айналдыруға қол жеткізуге мүмкіндік беретін бірқатар проблемалық мәселелер бар:

1. Туристік және көлік инфрақұрылымының жеткіліксіз дамуы. Қонақ үйлерді, пансионаттарды, демалыс үйлері мен базаларын, сондай-ақ санаториялық-курорттық мекемелерді қоса алғанда, орналасу объектілерінің, материалдық базасы жоғары дәрежеде моральдық және физикалық тұрғыдан ескерген болып сипатталады. Бүгінгі күні туризмнің ауқымы, туристер үшін

ұсынылатын тұратын жерлердің түрлері, сапасы халықаралық талаптарға сәйкес к е л м е й д і .

2. Сервистің төмен деңгейі және Ұлы Жібек жолының қазақстандық бөлігінде танымал тарихи орындарға жетудің қиындығы қазақстандық сияқты, шетелдік туристерді қызықтырмайды. Біздің тарихи мұрамыздың туристік бағдарларын халықаралық насихаттау мен жылжыту да сапалы түрде қайта қарауды талап е т е д і .

Туризмді дамыту көлік инфрақұрылымының жай-күйімен тікелей байланысты екенін ескере отырып, әуе және теміржол жолаушылар тасымалы географиясының шектеулігі, ішкі сияқты сыртқы туристердің топтық сапарлары үшін көліктің барлық түріне жол жүру билеттеріне жеңілдіктер жүйесінің болмауы елеулі проблемаға айналып отыр.

3. Кадрларды даярлаудың, қайта даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың төмен деңгейі және туризмнің ғылыми базасының болмауы, қызмет көрсету саласында мамандандырылған туристік кадрлардың болмауы болып табылады. Бұл тек туризм индустриясы объектілеріндегі білікті мамандардың болмауы проблемасына, сонымен қатар туристік сала үшін кадрлар даярлау с а п а с ы н а да қ а т ы с т ы .

4. Туристік индустрияда ұсынылатын қызметтердің төмен сапасы. Проблема жоғарыда аталған мәселемен өзара байланысты, өйткені қызмет көрсету саласындағы төмен сапа туризм индустриясы объектілерінде көрсетілетін қызметтер сапасының төмендеуіне әкеліп соқтырады. Одан басқа, бұл Қазақстанда туристік визаларды ресімдеу мерзімдеріне, шетелдік туристерді тіркеу рәсімдеріне, кедендік және паспорттық бақылауға жатады.

5. Туризм елі ретінде Қазақстанның жеткіліксіз деңгейдегі тартымдылығы. Елдің оң туристік имиджін ілгерілету жөніндегі іс-шаралар жүйесіз сипатта, туризм жөніндегі көрмелерге қатысу мемлекеттің жарнамалық қызметінің тиімділігін толық көлемде қамтамасыз етпейді. Осы уақытқа дейін туристерді тарту жоспарында Қазақстан үшін бірінші басымдықты нарықтар болып табылатын елдер – Германияда, Ұлыбританияда, Оңтүстік Кореяда туристік өкілдіктер (шетел мекемелері жанынан туризм бөлімдерін) ашу. Сонымен қатар, жыл сайын орасан көп туристерді қабылдайтын, туризм саласында дамыған елдердің (Франция, Испания, Германия) тәжірибесі аталған мәселені шешу қажеттігі туралы куәландырады.

Ішкі және сыртқы факторларды бағалау Қазақстан туризмінің әлемдік туристік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігінің қалыптасқан деңгейі сақталған кезде, отандық туристік нарықты дамыту мүмкіндігі халықтың тұрмыс деңгейін жақсарту және еңбекпен қамтылуын арттыру, сапалы туристік қызметтерге деген артып келе жатқан сұранысты

қанағаттандыру және елде туризмді тұрақты дамытуға жағдай жасау үшін жеткіліксіз болады.

Туристік саланың дамуына негізінен сыртқы факторлар, оның ішінде әлемдік экономиканың жағдайы, құқықтық реттеу, ел ішіндегі және шетелдегі экономикалық және саяси жағдайлар және т.б. ықпал етеді.

Бүгінгі күні туристік саланы дамыту үшін Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама (бұдан әрі – ҮИИДМБ) («Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығы) негіз болып табылады.

ҮИИДМБ шеңберінде Қазақстан Республикасының туристік индустриясының перспективалық бағыттарын дамытудың 2010 – 2014 жылдарға арналған салалық бағдарламасы әзірленді.

Сонымен қатар, саланы дамытуға ішкі факторлар да ықпал етеді, олар кадрлық саясатты (кадрларды даярлау және қайта даярлау, олардың біліктілігін арттыру, еңбекті ұйымдастыру), отандық туристік өнімнің кәсіби маркетингін жатқызуға болады.

Бүгінгі күні туристік сала үшін кадрларды даярлау жоғары және жоғары білімнен кейінгі, техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінде жүзеге асырылуда. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің деректеріне сәйкес 11 мамандық және 33 біліктілік бойынша 77 ТЖКБ (техникалық және кәсіптік білім беру) оқу орындары бар.

Министрліктің әлемнің жетекші телеарналарында жарнамалық бейнероликтерді жүргізу, ақпараттық турларды өткізу арқылы Қазақстан туризмін ақпараттық насихаттау жөніндегі тұрақты жұмысы қазақстандық туристік өнімге жоғары сұранысты қамтамасыз ете алмайды. Осы бағытта туроператорлардың шетелдерден туристерді тарту жөнінде күшейтілген жұмыстары қажет, бұл тек келу туризмі бойынша туристердің ағынының тұрақтылығын қамтамасыз етіп қоймай, сонымен қатар туристік саланың кірістілігін арттырады.

2. Дене шынықтыру және спортпен айналысу арқылы қазақстандықтардың саламатты өмір салтын қалыптастыру

Реттелетін саланың немесе қызмет аясын дамытудың негізгі параметрлері
Министрлік 2010 жылы 2010 – 2014 жылдарға арналған стратегиялық

жоспарды іске асыру бойынша халықаралық стандарттар талаптарына жақындау және елде бұқаралық спортты дамыту мақсатында спорт инфрақұрылымын одан әрі дамытуға және республика спортының материалдық-техникалық базасын жақсартуға бағытталған бірқатар ұйымдастыру шараларын жүзеге асырды.

Осы кезеңде саланың нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру жөнінде жұмыс жүргізілді. Дене шынықтыру және спорт мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге түзетулер енгізілді. Заңға тәуелді нормативтік-құқықтық актілер әзірленді және бекітілді.

Осы кезеңде дене шынықтырумен және спортпен шұғылданушылар санының тұрақты өсу үрдісі байқады. Егер Мемлекеттік бағдарламаны іске асырудың басында 2007 жылы спортпен шұғылданушылар саны ел тұрғындарының (15%-ы) 2,3 млн. адамды құраса, 2008 жылы 2,35 млн. адамға артқан, 2009 жылы 2,4 млн. адам, 2010 жылы 2,8 млн. адам немесе 17,7%-ын құраған.

Шетелде бұқаралық спорт бірінші кезекте халықты сауықтырудың, өзін-өзі жетілдіруге қол жеткізудің, өзін көрсетудің және дамытудың тетігі, сондай-ақ зиянды әрекеттерге қарсы күрестің құралы болып табылады. Сондықтан мемлекеттер халықты бұқаралық спортпен айналысуға тартуды негізгі мақсат етіп қоя отырып, бұқаралық спортты дамыту мәселесіне ерекше мән береді. Бұқаралық спортты дамыту үдерісінде: бұқаралық спортты қолдауда мемлекеттің рөлін, сондай-ақ осы саладағы қызметті ұйымдастырудың барлық нысандарының рөлін арттыру, бұқаралық спортты алдын алу және емдік іс-шараларда пайдалану, әлеуметтік жағымсыз құбылыстардың алдын алу, жастарды адамгершілік, эстетикалық және интеллектуалдық тұрғыда дамытуда спортты пайдалану негізгі ерекшеліктер болып табылады.

Осы үдерістердің ықпалы мыналардан:

- 1) спорттық думандардан және спорттық қызмет көрсету секторынан;
- 2) спорттық телерадио хабарларды тарату көлемінің артуынан;
- 3) халықтың қажеттілігін ескере отырып, дене шынықтыру-сауықтыру инфрақұрылымын дамытудан;
- 4) қызмет көрсету нысандарының, бұқаралық спорт қызметін көрсету ұсыныстарының әдістері мен құралдарының алуандығынан түсетін табыстың өсуіне әкелді.

Бүгінгі күні бүкіл еліміз бойынша өткізілетін спорттық-бұқаралық және дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларының саны артып келеді, тек 2010 жылдың өзінде 17 мыңнан астам бұқаралық-спорттық іс-шара өткізілді, оларға 3,5 млн. астам адам қатысты.

Өткен төрт жыл кезеңінде спартакиадалар, спорт түрлерінен турнирлер, спорттық отбасылар арасында «Бірге жарысамыз» атты жарыстар, бұқаралық жүгірістер, сонымен қатар әрқайсысында 2 млн. астам адам қатысатын

Президенттік сынақ тапсыру айлықтарын өткізу дәстүрге айналды.

2010 жылы алғаш рет Қазақстанның бүкіл аумағында дәстүрлі халықаралық «Олимпиадалық жүгіру күні», бірінші «Жасөспірімдердің ауылдық спорт ойындары» бір уақытта басталды.

Ұлттық спорт түрлері белсенді түрде дамып келеді, олар бүгінгі күні 166 мыңнан астам адам шұғылданады (2009 жылы – 123 мың адам). Бұған жыл сайынғы чемпионаттар, республикалық және халықаралық турнирлер, соның ішінде тоғызқұмалақтан әлем чемпионаты, бірінші Жасөспірімдердің ауылдық спорт ойындары, «қазақ күресінен» әлем және Азия чемпионаттары, Қазақстан Республикасы Президентінің жүлдесі үшін Халық спорты ойындарын өткізу, спорт мектептері мен клубтарда ұлттық спорт түрлерінен бөлімшелердің ашылуы қ п а л е т т і .

Ауыл спортын дамытуда маңызды бастама «Ел Қайраты» республикалық ауылдық дене шынықтыру-спорт қоғамын құру болып табылады.

6769 жалпы білім беру мектептерінде 3 сағаттық дене шынықтыру сабақтары енгізілген, бұл мектептердің жалпы санының 98%-ын құрайды. Республиканың 48 жоғарғы оқу орнында спорт клубтары ашылған.

Елде 538 мыңнан астам бала немесе жалпы білім беру мектептері оқушыларының жалпы санының 22,0%-ы (2,5 млн. мектеп оқушысы) спортпен шұғылданатын 24 мыңнан астам спорт секциялары жұмыс істейді. Республикада 1725 спорт клубы, соның ішінде 106 балалар мен жасөспірімдер дене тәрбиесі клубы, 530 балалар мен жеткіншектер клубы, 1020 дене шынықтыру-сауықтыру клубы және 113 спорт түрлерінен кәсіби клуб жұмыс істейді, онда 289 мың адам ш ұ ғ ы л д а н а д ы .

Өткен үш жылда дене шынықтырумен және спортпен айналысуға тартылған мүмкіндігі шектеулі адамдар санының өсу серпіні байқалғанын атап өту қажет.

Елімізде халықтың 3%-ын құрайтын 486 мыңнан астам мүгедек тұрады, олардың ішінде 45% адамға спортпен шұғылдануға тыйым салынбаған. Осы санаттағы адамдар арасында 13 мың адам дене шынықтырумен және спортпен шұғылданады, бұл 6,5%-ды құрайды (2009 жылы – 6%).

Бүгінгі күні республикада 127 мүгедек спорттың әр түрінен Қазақстан Республикасының спорт шеберлері болып табылады. 2010 жылы 41 адам спорт шебері, 24 адам халықаралық дәрежедегі спорт шебері нормативтерін орындады.

Жыл сайын спортшы-мүгедектер арасында республикалық және халықаралық деңгейде 70-тен астам спорттық-бұқаралық іс-шара ұйымдастырылады және өткізіледі, оған 1,5 мыңнан астам адам қатысады.

Елімізде бұқаралық дене шынықтыру-спорттық қозғалысты дамытудың нәтижесі отандық спортшылардың Олимпиада және Азия ойындарындағы, әлем және Азия чемпионаттарындағы жоғары жетістіктері болып табылады.

2010 жылы спорт ғимараттарының саны бүкіл республика бойынша 31 266 бірлікті құрады, олардың ішінде 20 166 бірлік ауылдық жерде орналасқан. Бұл 2009 жылмен салыстырғанда 936 бірлікке (1,6%) артық, оның ішінде:

1) жүзу бассейндерінің саны 9 бірлікке артты (2009 жылы - 222, 2010 жылы - 321) ;

2) спорт залдардың саны 134 бірлікке артты, 2008 жылы 6 999 бірлік болса, 2010 жылы 7 133 бірлікті құрады;

3) теннис корты 13 бірлікке артты, егер 2009 жылы олардың саны – 263 болса, 2010 жылы – 276-ны құрады.

4) 2010 жылы хоккей корты 51 бірлікке артты, егер 2009 жылы олардың саны – 372 болса, 2010 жылы – 423-ті құрады.

Астана және Алматы қалаларында 7-ші қысқы Азия ойындарын дайындау және өткізу шеңберінде қазіргі заманғы спорт объектілері салынды. Алматыда «Медеу», «Шымбұлақ» және сырғанау мұз айдынын жапсарлас салу арқылы Б.Шолақ атындағы Спорт сарайы толық қайта жаңартылды. Республикада 30 мың орны бар «Астана – Арена» жабық футбол стадионы салынды, «Сарыарқа» республикалық велотрегі «Қазақстан» спорт сарайы жанында тегістелген мұз айдыны, «Алау» коньки тебу стадионы, «Алатау» шаңғы және биатлон кешендерінің стадионы, Алматыда халықаралық шаңғы трамплиндерінің кешені салынды.

Негізгі проблемаларды талдау

Сонымен қатар, дамудың оң үрдістерімен қатар, республикадағы бұқаралық спортты дамытуды тежеп отырған проблемалар да бар:

1. Материалдық-техникалық базаның және спорт инфрақұрылымының төмен деңгейі :

1) ауылда спортты дамыту проблемасы, ең алдымен материалдық-техникалық базаның жоқтығынан ерекше өзекті болып тұр. Ауылдық жерлердегі 4387 спорт залының 3650-і жалпы білім беру мектептерінде орналасқан және оқу сабақтарын өткізу үшін пайдаланылады. Спорт ғимараттарының тек 12,0 %-ында барлық халықтың дене шынықтырумен айналысуына мүмкіндік бар;

2) спорттық ғимараттардың ғана емес, сонымен бірге ұйымдарда, оқу орындарында, халықтың тұрғылықты жері мен бұқаралық демалыс орындарында спорттық мүкәммал мен жабдықтың жетіспеуі де сезіледі.

2. Бұқаралық спорттың нашар дамуы. Халықтың тұрғылықты жері бойынша жұмыс дұрыс жолға қойылмаған, жеткіншіктер клубтарының желісі жеткіліксіз дамыған, қарапайым спорт алаңдары мен тұрғылықты жерлерде және бұқаралық демалыс орындарында спорт ғимараттары жоқ дерлік. Ауылда спортты дамыту проблемасы ерекше өзекті болып отыр. Инфрақұрылымның дамымағандығына байланысты ауылда спортпен айналысатын балалар мен жеткіншектердің саны

жалпы республикалық көрсеткіштен екі есе төмен. Қазіргі спорт объектілері республика халқының көпшілігі үшін қолжетімсіз болып отыр. Сонымен бірге азаматтардың өздерінің дене шынықтырумен және спортпен жүйелі айналысуға белсене қатыспау мәселесі де өзекті болып отыр.

3. Қазіргі заманғы талаптарға жауап беретін спорттың ғылыми базасының болмауы, білікті мамандар тапшылығы:

ауылдық жерде спорт бойынша әдіскерлер жоқ. Талдау көрсеткендей, 6998 кентте барлығы 597 әдіскер жұмыс істейді, ол 8,5%-ды құрайды.

Негізгі ішкі және сыртқы факторларды бағалау

Қазіргі факторлық жағдайларды бағалау мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың дене тәрбиесін, оқушылар мен оқу орындары студенттерінің дене тәрбиесін, халық арасында дене шынықтыру-бұқаралық қозғалысты, мүгедектер арасында дене дайындығы мен спортты, спорт резервін және халықаралық дәрежедегі спортшыларды дайындау, дене шынықтыру мен спортты насихаттау жөніндегі шаралардың қабылданғанын растап отыр.

Дене шынықтыру мен спортты дамыту жағдайына бірқатар ішкі факторлар, негізінен әлеуметтік-экономикалық және жаһанданумен байланысты факторлар ықпал етеді. Ішкі факторларды қарастыруда мынадай негізгі аспектілерді көрсетуге болады: халықтың дене шынықтыру белсенділігін жеткіліксіз реттеу, бұл спорт орталықтарында бос уақытты өткізуде төленетін жоғары бағалар және спорт ғимараттары санының шектеулігімен түсіндіріледі. Балалар, жеткіншектер және ересек адамдар арасында дене шынықтыру және спорт жеткіліксіз насихатталады.

3. Қазақстандық спорттың әлемдік спорт аренасында бәсекеге қабілеттілігін арттыру

Реттелетін саланы немесе қызмет аясын дамытудың негізгі параметрлері

Пекинде өткен 2008 жылғы XXIX жазғы Олимпиада ойындарында 13 олимпиадалық медалға ие болдық, соның ішінде 2 алтын, 4 күміс және 7 қола медаль, бұл бейресми есепте Қазақстанға жалпы командалық 29 орынды қ а м т а м а с ы з е т т і .

Иеленген медальдардың жалпы саны бойынша бұл Қазақстан құрамасының 1996 жылдан бастап қатысқан барлық кездердегі (Атланта, АҚШ, 1996 жыл – 11 медаль; Сидней, Австралия, 2000 жыл – 7 медаль; Афины, Грекия, 2004 жыл – 8 медаль) үздік жетістігі болып табылады.

2010 жылы қазақстандық спортшылар Ванкувердегі (Канада) XXI қысқы Олимпиада ойындарына қатысты. Он екі жылдық үзілістен кейін қысқы Олимпиадада күміс медальға қол жеткізілді. Олимпиадада өнер көрсету

қорытындылары бойынша 7 қазақстандық атлет әлемнің мықты спортшыларының алғашқы ондығына кірді.

Ел спортшылары 2010 жылғы әлем чемпионатында жазғы Олимпиадалық спорт түрлерінен 11 медальды, Азия чемпионаттарында 50 медальды, Азия кубоктарында 6 медальды, Еуразиялық ойындарда 131 медальды иеленді.

2010 жылы Қазақстанның жастар құрамасы тұңғыш рет Сингапурдағы 1-ші жазғы Жасөспірімдер Олимпиада ойындарына қатысты, оның қорытындылары бойынша 2 алтын, 2 күміс, 2 қола медальды иеленді, 204 елдің ішінде 3500 спортшы қатысқан жарыста 24 орынды қамтамасыз етті

2011 жылғы 7-ші қысқы Азия ойындарына қатысудың қорытындылары бойынша Қазақстан құрамасы 32 алтын, 21 күміс және 17 қола награда ұтып алды, Азия ойындарының рекордын жасай отырып, бірінші орынды жеңіп алды.

Қабылданған шаралардың арқасында барлық облыс орталықтарында және Астана мен Алматы қалаларында спортшыларды даярлау бойынша үздіксіз және жүйелі жұмыс қамтамасыз етілді.

Бүгінгі күні 17 олимпиадалық резервті даярлау орталығы жұмыс істейді, онда 1265 спортшы спорттағы шеберлігін арттырады, 8 республикалық мамандандырылған олимпиадалық даярлау орталығында 984 спортшы өзінің спорттағы шеберлігін арттырады және орталық спортшыларының 95%-ы Қазақстан ұлттық құрама командаларының негізгі, жастар немесе жасөспірімдер құрамына кіреді.

2007 – 2010 жылдар кезеңінде мектеп жасындағы балалардың дене тәрбиесін жетілдіру жөнінде шаралар қабылданды.

2007 – 2011 жылдар аралығында мемлекеттік бағдарламаны іске асыру кезеңінде республикада 16 балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері (БЖСМ) құрылды.

Қазіргі күні 423 БЖСМ-да 240 мыңнан астам бала немесе оқушылардың жалпы санының 10,0%-ы айналысады.

Сонымен қатар, болашағынан үміт күттіретін 3003 оқушы оқитын спортта дарынды балаларға арналған 11 өңірлік мектеп-интернат және жалпы саны 1191 адамды қамтитын 4 республикалық мектеп-интернат ашылды.

Негізгі проблемаларды талдау

Қазақстандық спорттың әлемдік спорт аренасындағы оң үрдістерімен қатар, бірқатар проблемалар да бар.

1. Материалдық-техникалық базаның және спорт инфрақұрылымының төмен деңгейі:

1) қазіргі жұмыс істеп тұрған олимпиадалық даярлық орталықтары мен олимпиадалық резервті даярлау орталықтарындағы жоғары жетістіктер спортының өзіндік материалдық-техникалық базасы жоқ;

2) республикалық олимпиадалық даярлық орталықтары мен өңірлік олимпиадалық резервті даярлау орталықтарының өзіндік спорттық базалары жоқ. Спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың және жоғары спорт шеберлігі мектептерінің спорттық базалары да талаптарға сәйкес келмейді.

Жоғары спорт шеберлігі мектептерінің проблемалары да осындай – оқу-жаттығу үрдісін ұйымдастыру жеткілікті қаржыландырылмайды, соның салдарынан жоспарланған жарыстар мен жиындарды өткізуге, үй-жайларды жалдауға қаражат жетіспейді.

Жұмыс істеп тұрған спорт ғимараттарының басым көпшілігі техникалық пайдалану жөніндегі жетілдірілген нормативтер мен талаптарға, халықаралық регламенттерге және жарыстар мен оқу-жаттығу үрдісін өткізу қағидаларына сәйкес келмейді.

2. Балалар мен жасөспірімдер спортының нашар дамуы. Бүгінгі күнге дейін салалық спорт клубтарын құру мәселелері шешілген жоқ. Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінің желісі қазіргі уақытта республиканың мектеп жасындағы балаларының 10,0%-ы ғана айналысуға мүмкіндік тудыра алады. Төмен деңгейдегі материалдық-техникалық база, сапалы спорттық мүкәммал мен жабдықтың болмауы спорт резервін жоғары деңгейде дайындауды ұйымдастыруға мүмкіндік бермейді.

3. Қазіргі заманғы талаптарға жауап беретін ғылыми базаның болмауы, білікті мамандар тапшылығы:

1) спорт саласында білікті мамандардың өзекті жетіспеуі байқалады. Жоғары шеберлік спортында республиканың жетекші жаттықтырушыларының көпшілігі орта жаста, ал олардың орнын толық ауыстыратын мамандар жоқ. Сонымен қатар, ауылдық жерлердегі жалпы білім беру мектептерінің 3%-ы дене шынықтыру пәні мұғалімдері жоқ, балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінің жаттықтырушы-оқытушы құрамының 30%-ы арнаулы білімі жоқ;

2) спорттық ғимараттарды техникалық пайдалану мамандары жоқ, жоғарғы оқу орындары түлектерінің дайындық деңгейі қазіргі заманғы талаптарға жауап бермейді.

Спорт саласы жоғары бәсекелі болып табылады және оқу-жаттығу үдерісін ұйымдастыру, спортшылардың функционалдық және физикалық мүмкіндіктерін арттыру, оларды оңалту және қалпына келтіру әдістемесіндегі қазіргі заманғы барлық жаңа әзірлемелер стратегиялық материалдар болып табылады, оларды басқа елдерден иелену мүмкін емес.

Бүгін біздің жаттықтырушылар Бүкілодақтық дене шынықтыру ғылыми-зерттеу институты 1983 – 1985 жылдары әзірлеген бағдарламалар мен әдістемелер бойынша жұмыс істейді. Әлемдік аренадағы спортшылар бәсекелестігінің артуына байланысты спорт бойынша мамандардың одан әрі

әдістемелік және практикалық қызметі, сонымен қатар бұқаралық спортты және жоғары жетістіктер спортын жалпы дамыту елде өзінің ғылыми базасын құрмай қиынға түседі. Сол себепті республиканың спорт мектептерінде спорт түрлерінен бірыңғай оқу бағдарламаларын енгізу мүмкін болмай отыр, ал ол спорт резерві мен халықаралық дәрежедегі спортшыларды даярлаудың жүйелі жолын қамтамасыз етуге кедергі келтіреді.

Ішкі және сыртқы факторларды бағалау
Ел ішіндегі жағдайды бағалау халықаралық аренада қазақстандық спортшылардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін елдегі халықтың дене тәрбиесі жүйесі мен спорттың дамуын жетілдіруді куәландырады, бұл нормативтік-құқықтық базаны жетілдіруге, саланың материалдық-техникалық базасын нығайту мен дамытуға мүмкіндік береді.

Қазіргі факторлық жағдайларды бағалау спорт резервін және халықаралық дәрежедегі спортшыларды жетілдіру, дене шынықтыру мен спортты насихаттау жөніндегі шаралардың қабылданғанын растайды.

Сонымен қатар, саланы дамытуға сыртқы факторлардың ықпал етуі әлем аренасында артып келе жатқан спортшылардың бәсекесімен сипатталады, бұл отандық спортшылардың кәсіби шеберлігін арттыру үшін уақтылы шараларды қабилдауды талап етеді.

Сонымен қатар, дене шынықтыру мен спортты дамытудың халықаралық тәжірибесі төмендегіні растайды.

1978 жылғы Халықаралық дене тәрбиесі және спорт хартиясына сәйкес кейінгі енгізілген толықтырулармен бірге түрлі елдер әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылысының ерекшеліктеріне байланысты саланы дамытуды мемлекеттік реттеуді айқындайды, атап айтқанда қандай да бір белгілер бойынша кемсітусіз бұқаралық спортпен айналасуға қол жеткізу және спорт ғимараттарының желісін құру.

Сонымен, жақын және алыс шет елдерде саланың даму тәжірибесі: бұқаралық спорт, жоғары жетістіктер спорты, мүгедектер спорты, спорттық инфрақұрылымды дамыту, мамандар даярлау негізгі бағыттары бойынша жүзеге асырылады.

Мысалы, АҚШ-та мектептік, студенттік және бұқаралық спорт толығымен жергілікті биліктің құзыретінде болып табылады. Канада, Франция, Италия, Финляндия және басқа да бірқатар елдерде балалар мен жасөспірімдердің және студенттер спорты шығыстарының негізгі үлесін жергілікті бюджет қаржыландырады. Финляндия мен Норвегияда спортқа бөлінген ақша аударымының 80%-ы жалпыға ортақ пайдаланылатын спорт объектілерін салуға және балалар мен жасөспірімдер спортын дамытуға бағытталады. Бізде керісінше : 80%-ы шеберлер командасына және тек 20%-ы ғана балалар спортына бөлінеді.

Елдің спорттық жүйесі балалар спортына басымдық пен құрылуға тиіс.

Мекемелерде, ұйымдарда және халықтың тұрғылықты жері бойынша дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруда күрделі проблемалар бар. Ұйымдар экономикалық тұрғыдан орынсыз деген себеппен спорттық және сауықтыру объектілерін ұстаудан бас тартады, дене шынықтыру және спорт мамандарын қысқартады.

Бүгінгі күні бүкіл ел бойынша тек 530 балалар мен жеткіншектер клубы жұмыс істейді, ведомстволық спорт қоғамдарының жұмыс тәжірибесі жоғалған, дене шынықтыру-сауықтыру қызметінің құны қымбаттауда. Талдау көрсеткендей, бағасы жоғары болғандықтан, жастардың көпшілігі спорттық-сауықтыру қызметіне қол жеткізе алмайды.

Мысалы, Финляндияда 54 спорт одағын, 18 аумақтық органды, 4335 спорт клубы мен 1,1 млн. адамды біріктіретін спорт ұйымы жұмыс істейді.

Швецияда «Баршаға арналған спорт» бағдарламасы бойынша жұмысты негізінен 2 мыңнан астам клубқа тиесілі 360 мың ресми тіркелген мүшесі бар Швед гимнастикалық ұйымы жүзеге асырады. Жалпы гимнастика секцияларында 225 мыңнан астам адам шұғылданады.

Жоғары дәрежелі спортшыларды даярлаудың негізін қалаушы спорттық жаттығуларда қазіргі заманғы ғылыми технологияларды пайдалану, сондай-ақ даярлық әдістемесін үнемі жетілдіру болып табылады және елде отандық спорт ғылымының дамуы әлі күнге дейін күрделі проблема күйінде қалып отыр. Республиканың жаттықтырушы-оқытушылар құрамы көбінесе «кеңестік» кезеңде әзірленген әдістемемен жұмыс істейді, көпшілігі спортшыларды жаттықтыру мен қалпына келтірудің қазіргі заманғы әдістерін меңгермеген.

Финляндияда спорт ғылымымен айналысатын ұйымдардың тікелей мемлекеттік қаржыландыруға заңдық тұрғыдан танылған құқығы бар. Бұл ретте дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандарды даярлаудың кемінде 20%-ы оқу уақыты ғылыми ізденістерге арналады. Бұған қоса, мемлекет спорт пен дене шынықтыру жаттығулары саласында ғылыми зерттеулер жүргізілетін кез келген меншік нысанындағы ұйымды қолдайды.

Спорт инфрақұрылымының тұрақты өсу үрдісі байқалғанына қарамастан, негізінен республика бойынша, әсіресе ауылдық жерде спорт ғимараттарының саны жеткіліксіз болып отыр. 7000 ауыл мен кентте 20166 ғимарат бар, оның ішінде 13134-і, яғни 65,1%-ы жазық ғимараттарды (ашық спорт алаңдарын) құрайды және тек 3%-ы ғана (307 бірлік) жабық спорт кешендері, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан және Жамбыл облыстарының халық тығыз орналасқан ауылдық жерлерінде спорт кешендері тіпті жоқ.

Бүкіл ел бойынша жұмыс істейтін 7 мыңнан астам спорт залының 90%-ы жалпы білім беру мектептерінде, бұл ретте олар спорттық мүкәммәлмен

жеткіліксіз жабдықталған және қолданыстағы техникалық пайдалану талаптарына сәйкес емес. Дене шынықтыру және спортты басқару органдарының деректері бойынша спорт залдары мен алаңдарының 40%-ы ағымдағы немесе күрделі жөндеуді талап етеді.

Мысалы, Ресей Федерациясында бес жылдық кезеңге спорт объектілерінің құрылысы, бұқаралық қозғалысты дамыту, жоғары дәрежелі спортшыларды дайындау және т.б. жөнінде мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың бірлескен шараларының кешендерін көздейтін саланы дамытудың федералдық нысаналы бағдарламасы бекітіледі. Мысалы, инфрақұрылымды дамытуға 3 000-нан астам спорт және көп функционалды спорт залының, 1 000 спорт орталығының құрылысы кіреді. Ресейде және ТМД елдерінде де бірінші кезектегі мемлекеттік міндеттер болып дене шынықтырумен және спортпен айналысатын азаматтардың үлесін арттыру, спорт инфрақұрылымымен қамтамасыз ету, спортшылардың спорттағы шеберліктерін арттыру болып табылады.

Әзірбайжанның спорт объектілерінің қарқынды құрылысы арқылы бұқаралық спортты дамытудағы оң тәжірибесін атап өту қажет.

Дамыған елдерде халықтың дене шынықтыру-сауықтыру ғимараттарымен қамтамасыз ету көрсеткіші 80 – 100%-ды құрайды. Еуропа елдерінде бұқаралық спорт мемлекеттік спорт саясатының басымдығы болып табылатынын атап өту қажет. Атап айтқанда, Германияда халықты спортпен айналысуға тарту үшін жергілікті спорт ұйымдарының құзырындағы 80% жерлерге әртүрлі спорт ғимараттары құрылысына көңіл бөлінеді. Көптеген елдерде практикада мемлекеттік лотереядан спорттық ұйымдардың бюджетіне түсімнің біршама үлесі байқалады.

Сонымен қатар, баршаға арналған спорттың қаржылық ресурс көздері ретінде кәсіпкерлікті дамыту тән. Осы бағытта спорттық қызмет көрсетудің капиталды көп қажет ететінін ескере отырып, осы салада коммерциялық ұйымдарды ұйымдастыру жоғары бастапқы капиталды талап етеді. Осы мақсатта тек табысы жоғары халықтың спортпен айналысу қажеттілігін қамтамасыз етуді болдырмау үшін мемлекет тікелей немесе жанама түрде спорттық коммерциялық ұйымдардың қызметіне қатысады.

3-бөлім. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері

3.1. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралары және нәтижелер көрсеткіштері

1.1- мақсат. Тиімділігі жоғары және бәсекеге қабілетті туристік индустрия құру

Бюджеттік бағдарламалар коды: 011, 104, 025, 009

Нысаналы индикаторлар	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Оның ішінде аралық мәнін көрсете отырып						
			Есепті кезеңде		Жоспарлы кезеңде				
			2009 жыл (есеп)	2010 жыл (жоспар)	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Туризм саласында қызметтер көрсететін ұйымдардың жиынтық табысын 2015 жылы 2008 жылғы деңгейден кемінде 67%-ға арттыру	Статистикалық деректер	%	22,5	60,5	60,9	62	63,5	65	67
2.«Саяхат пен туризмнің бәсекеге қабілеттілік индексі» тізіміндегі Қазақстанның орны	Дүниежүзілік экономикалық форумның деректері	орын	92	92	92	92	91	90	90
3. Мемлекеттік органдар қабылдайтын шешімдердің айқындығы	Дүниежүзілік экономикалық форумның деректері	орын	83	75	53	46	45	44	43

Нысаналы индикаторға қол жеткізу жолдары, құралдары және әдістері

1.1.1-міндет. Туристік өнімдерді қалыптастыру және халықаралық және ішкі нарықтарда жылжыту

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Оның ішінде аралық мәнін көрсете отырып						
			Есепті кезеңде		Жоспарлы кезең				
			2009 жыл (есеп)	2010 жыл (жоспар)	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Келушілердің болу ұзақтығын арттыру	Статистикалық деректер	%	-	5	8	10	12	15	17
2. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізінің туризм индустриясы инфрақұрылымының объектілерімен қамтамасыз ету	Ресми деректер	%	-	-	-	5	12	41	-
3. «Тұру және тамақтану жөніндегі қызметтерді арттыру» көрсеткішінің өсуін қамтамасыз ету	Статистикалық деректер	Ф К И алдыңғы жылға қарағанда %-бен	95,5	112,0	105	105,7	106,0	106,0	107,0
4. Мемлекеттік қызметтер мерзімін қысқарту	Ресми деректер					5	10	15	

5. Келу туризмі көлемін 2010 жылдың деңгейінен %-ға арттыру (4,7 млн. адам)	Ресми деректер	%				1	1,3	1,6	2	
6. Ішкі туризм көлемін 2010 жылдың деңгейінен %-ға арттыру (4,5 млн. адам)	Ресми деректер	%				1,5	1,8	2,5	3	
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар						жоспарлы кезеңдегі орындалу мерзімі				
						2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	
1. ҚР өңірлерінде инвестицияны тарту үшін туристік орталықтарды салуға (4 бірлік), оның ішінде туристік орталықтарды салуға (3 бірлік) жобалау құжаттамасын әзірлеу					x					
2. Алматы қаласындағы Шымбұлақ тау-шаңғысы курортын кешенді дамыту					x					
Туристік кластерді құру мақсатында «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізі бойында жол бойы инфрақұрылымының объектілерін салу (ЖАО бірге)						x	x	x	x	
4. Бизнесті тіркеуге және жүргізуге байланысты операциялық шығындарды төмендетуге бағытталған ұйымдастыру-практикалық іс-шараларды жүргізу					x	x	x	x	x	
5. Мемлекеттік қызмет стандарттары мен регламенттерін әзірлеу						x	x	x	x	
6. Қазақстанның туристік әлеуеті туралы жарнамалық-ақпараттық материалдарды шығару						x	x	x	x	
7. Қазақстанның халықаралық туристік көрмелерге қатысуы					x	x	x	x	x	
8. Қазақстан Республикасында туристік іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу						x	x	x	x	
9. Туризм индустриясы саласындағы кәсіби стандарттарды әзірлеу					x					
10. Салалық заңнамадағы, нормалар мен қағидалардағы, стратегиялық және бағдарламалық құжаттардағы өзгерістерді Туризм және спорт министрлігінің сайтында жариялау.					x	x	x	x	x	
1.1.3-міндет Ойын бизнесі саласындағы қызметі реттеу										
Тікелей нәтиже көрсеткіштері	Ақпарат көздері	Өлшем бірлігі	Оның ішінде аралық мәнін көрсете отырып							
			Есепті кезең		Жоспарлы кезең					
			2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	
1. Жойылған бұзушылықтардың үлес салмағы, анықталған бұзушылықтардың жалпы санына %-бен	Ведомстволық деректер	%		-	80	83	86	90	93	
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар						жоспарлы кезеңдегі орындалу мерзім				
						2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1					2	3	4	5	6	
1. Тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін жетілдіру және ойын бизнесі саласындағы қызметті мониторингілеу мен бақылауды жүзеге асыру					x	x	x	x	x	

2-стратегиялық бағыт. Дене шынықтыру және спортпен айналысу арқылы қазақстандықтардың саламатты өмір салтын қалыптастыру

2.1-мақсат. Елде бұқаралық спортты дамыту

Осы мақсатқа қол жеткізуге бағытталған бюджеттік бағдарламалардың кодтары 006, 009, 104

Нысаналы индикатор	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Оның ішінде аралық мәнін көрсете отырып							
			Есепті кезең		Жоспарлы кезең					
			2009 ж . (есеп)	2010 ж. (ағымдағы жоспар)	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	
1. Дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын азаматтарды қамту	Әкімшілік есеп, ведомстволық статистикалық деректер	%	16,0	17,4	18,8	20,4	22,0	25,0	26,0	
2. Дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын балалар мен жеткіншектер үлесін балалар мен жеткіншектердің жалпы санынан қамту	Әкімшілік есеп, ведомстволық статистикалық деректер	%	9,0	9,5	10,0	10,5	11,0	12,0	12,6	
Нысаналы индикаторға қол жеткізу жолдары, құралдары және әдістері										
2.1.1-міндет. Адамдарды күн сайын дене шынықтыру-сауықтырумен айналысуға тарту										
Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Оның ішінде							
			Есепті кезең		Жоспарлы кезең					
			2009 ж . (есеп)	2010 ж. (ағымдағы жоспар)	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	
1. Спорт секцияларында шұғылданатын оқушылардың үлесі, жалпы оқушылардың санында	Әкімшілік есеп, ведомстволық статистикалық деректер	%	21,0	21,5	22,0	22,5	23,0	24,0	25,0	
2. Дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын студенттердің үлесі, студенттердің жалпы санында	Әкімшілік есеп, ведомстволық статистикалық деректер	%	22,0	23,0	24,0	25,5	26,5	27,5	28,5	
3. Дене шынықтырумен және спортпен тұрақты түрде шұғылданатын мүгедектердің үлесі, мүгедектердің жалпы санынан	Әкімшілік есеп, ведомстволық статистикалық деректер	%	6,0	6,5	7,0	7,5	8,0	8,5	9,0	

4. Жоспарланған іс-шаралардың жалпы санынан үкіметтік емес ұйымдарды (ҮЕҰ) тартумен өткізілген спорттық-бұқаралық іс-шаралар үлесі	Ресми ақпарат	%	30,0	35,0	40,0	45,0	50,0	55,0	60,0	
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					жоспарлы кезеңдегі іске асыру мерзімі					
					2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	
1			2	3	4	5	6			
1. Президенттік тест тапсыру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізу (ЖАО-мен бірге)			x	x	x	x	x			
2. «Президенттік миль» атты тестілерді тапсыру жолымен 24-тен бастап және одан да жоғары жастағы халықты дене дайындығын тестілеуді ұйымдастыру және өткізу (ЖАО-мен бірге)			x	x	x	x	x			
3. Бұқаралық спорт түрлері бойынша кешенді спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу (Бұқаралық спорт түрлері бойынша жыл сайынғы салалық спартакиадалар, (Ұлттық және мүгедектер спорт түрлерінің фестивалі, ойындары, әртүрлі санаттағы спортшылардың республикалық спартакиадасы, шаңғы жарысы, коньки тебу спорты және флорболдан Қазақстанның Арнайы қысқы ашық Олимпиадасы және ауыл спорттық ойындары)			x	x	x	x	x			
4. Азаматтық қоғам өкілдерінің қатысуымен форумдар, дөңгелек үстелдер, конференциялар ұйымдастыру			x	x	x	x				
5. Тұрғылықты жері бойынша балалардың, жеткіншектердің аула клубтары мен спорт клубтарының желісін құру (ЖАО-мен бірге)				x	x	x	x			
6. Мүгедектерге арналған спорт клубтарын ашу (ЖАО-мен бірге)			x							
7. Мүгедектер спорты бойынша орталық құру							x			
8. Дене шынықтыру-сауықтыру кешендерін салу									x	
9. Ақпараттық-насихаттау баспа басылымдарын әзірлеу мен шығару және телеардио арналарында науқандарды және жобаларды өткізу			x	x	x	x	x			
3-стратегиялық бағыт. Қазақстандық спорттың әлемдік спорт аренасында бәсекеге қабілеттілігін арттыру										
3.1-мақсат. Жоғары жетістіктер спортын дамыту										
Осы мақсатқа қол жеткізуге бағытталған бюджеттік бағдарламалардың кодтары 003, 004, 005, 007, 009, 012, 015, 023.										
Нысаналы индикатор	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Оның ішінде аралық мәнін көрсете отырып							
			Есепті кезең		Жоспарлы кезең					
			2009 ж.	2010 ж. (жоспар)	20011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	
1. 2012 жылғы жазғы Олимпиада ойындарының қорытындылары бойынша Халықаралық Олимпиада комитетінің жалпы командалық есебінің	ХОК кестесі	орын	29	29		28				

рейтингісіндегі Қазақстанның орны									
2. 2014 жылғы қысқы Олимпиада ойындарының қорытындылары бойынша Халықаралық Олимпиада комитетінің жалпы командалық есебінің рейтингісіндегі Қазақстанның орны	ХОК кестесі	орын	30	24				23	
Нысаналы индикаторға қол жеткізу жолдары, қаражаты және әдістері									
3.1.1-міндет. Қазақстандық спортшылардың бәсекеге қабілетілігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды күшейту									
Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Оның ішінде аралық мәнін көрсете отырып						
			Есепті кезең			Жоспарлы кезең			
			2009 ж.	2010 ж. (жоспар)	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Кешенді спорттық іс-шараларда, әлем чемпионаттарында, әлем кубоктарында, Азия чемпионаттарында және халықаралық турнирлерде иеленген медальдар саны	Ресми ақпарат	саны	650	660	671	690	726	742	742
2. Білікті спортшылардың (спорт шеберлері) жалпы санынан халықаралық деңгейдегі спорт шеберлері санының үлесі	Ресми деректер	%	10,0	15,0	20,0	25,0	28,0	30,0	32,0
3. Халықаралық жарыстарға қатысқан спорт мектептеріндегі, мектеп-интернаттардағы, колледждердегі оқушылардың үлесі	Ресми деректер	%	8,7	8,9	9,1	9,3	9,5	9,7	10
4. Спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттар түлектерінің жалпы санындағы Спорт шеберлігіне кандидат, Спорт шебері, Халықаралық дәрежедегі спорт шебері нормативтерін орындаған түлектердің үлесі	Әкімшілік есеп, Ведомстволық статистикалық деректер	%	18,8	18,8	19,1	19,4	19,7	20,0	21,0
					жоспарлы кезеңдегі іске асыру мерзімі				
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар									

	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.
1	2	3	4	5	6
1. Қысқы және жазғы спорт түрлері бойынша республиканың спартакиадасын және республикалық жастар ойындарын өткізу	x	x	x	x	x
2. Білікті және біліктілігі жоғары спортшыларды даярлау сапасын арттыру үшін оқу-жаттығу жиындарын өткізу	x	x	x	x	x
3. Спорт түрлері бойынша халықаралық және республикалық жарыстарға (соның ішінде Әлем, Азия чемпионаттары) дайындалу және қатысу	x	x	x	x	x
4. Лондондағы (Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі) 2012 жылғы XXX Олимпиада ойындарына, 2012 жылғы Инсбурктегі (Австрия) жасөспірімдердің 1-ші қысқы Олимпиада ойындарына, 2014 жылғы Нанкиндегі (Қытай) жасөспірімдердің 2-ші Олимпиада ойындарына дайындалу және қатысу	x	x	x	x	
